

Отырыс хаттамасы

Астана қаласы әкімдігінің ШЖҚ "Жоғары көлік және коммуникация колледжі" МКК ұжымының қызметкерлері сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау туралы.

Отырыс сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру туралы заңнамасын түсіндіру мақсатында өткізіледі.

Өткізу күні: 26.06.2026 ж., сағат 15:00

Өтетін орны: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Конституция көшесі 10, акт залы.

Қатысты:

Колледж әкімшілігі, бөлім меңгерушілері, колледж қызметкерлері.

Колледж комплаенс Ж. Ж. Кабенова колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жыл сайынғы іс-шараларын өткізу шеңберінде 2026 жылдың 2 тоқсанында ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізілгенін хабарлады. Жүргізілген талдау шеңберінде қызметкерлер сұратылған ақпаратты дереу ұсынды. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

- Колледж қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы;
- мүдделер қақтығысын реттеу;
- Мемлекеттік қызмет көрсету;
- рұқсат беру функцияларын орындау;
- колледждің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Ж. Ж. Кабенова сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтау қажеттігін, сондай-ақ колледжде бекітілген және қолданыстағы құжаттардың болуын еске салды:

- 1) Астана қаласы әкімдігінің ШЖҚ "Жоғары көлік және коммуникация колледжі" МКК сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар туралы ереже (сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат)
- 2) Астана қаласы әкімдігінің ШЖҚ "Жоғары көлік және коммуникация колледжі" МКК Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты.
- 3) Астана қаласы әкімдігінің ШЖҚ "Жоғары көлік және коммуникация колледжі" МКК-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, заңсыз сыйақы және коммерциялық пара беру жөніндегі Нұсқаулық.
- 4) Астана қаласы әкімдігінің ШЖҚ "Жоғары көлік және коммуникация колледжі" МКК корпоративтік әдеп және мінез-құлық кодексі.

5) Астана қаласы әкімдігінің ШЖҚ "Жоғары көлік және коммуникация колледжі" МКК лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысын реттеу Қағидалары.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама туралы жалпыға бірдей хабардарлықты арттыру және колледж қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін арттыру мақсатында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізіледі.

Комплаенс Ж. Ж. Кабенова сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын қатаң сақтау, сыбайлас жемқорлықтың кез келген фактілері, қызметтік жағдайды теріс пайдалану және заңның басқа да бұзушылықтары туралы басшылықты дереу хабардар ету қажеттігін еске салды.


Түсіндіру жұмыстарының қорытындысы бойынша шешім қабылданды:

Колледж лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнама нормаларын қатаң сақтау.
2. Ұжым арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға белсенді қатысу.
3. Сыбайлас жемқорлық сипатының кез келген көріністері немесе ұжымдағы мүдделер қақтығысы туралы дереу хабарлау.

Директор

Астана қаласы әкімдігінің ШЖҚ "Жоғары көлік және коммуникация колледжі" МКК

 Капезов Б. Е.

Комплаенс офицер



Кабенова Ж.Ж.